

Арқалық қаласы Жалғызтал ауылында шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Арқалық қаласы Жалғызтал ауылы әкімінің 2018 жылғы 20 тамыздағы № 1 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 23 тамызда № 8012 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Арқалық қаласы Жалғызтал ауылы әкімінің 2019 жылғы 22 ақпандағы № 1 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Арқалық қаласы Жалғызтал ауылы әкімінің 22.02.2019 № 1 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабына, "Ветеринария туралы" 2002 жылғы 10 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңының 10-1-бабы 7) тармақшасына сәйкес, "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Арқалық қалалық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесінің бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2018 жылғы 11 маусымдағы № 01-20/516 ұсынуы негізінде Арқалық қаласы Жалғызтал ауылының әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қостанай облысы Арқалық қаласы Жалғызтал ауылында және осы ауылдың аумағында орналасқан "Оразалы" шаруашылық қожалығында ірі қара малдың бруцеллез ауруының пайда болуына байланысты шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. "Арқалық қаласы әкімдігінің ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесіне (келісім бойынша), "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Арқалық қалалық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесіне (келісім бойынша), "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Қоғамдық денсаулық сақтау комитетінің Қостанай облысы қоғамдық денсаулық сақтау департаментінің Арқалық қалалық қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы" Республикалық мемлекеттік мекемесіне (келісім бойынша) анықталған эпизоотиялық ошақта ветеринариялық-санитариялық қолайлы жағдайға қол жеткізуге қажетті ветеринариялық-санитариялық іс-шаралар жүргізу ұсынылсын.

3. "Жалғызтал ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

- 1) осы шешімнің аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;
- 2) осы шешім мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмесін " Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберілуін;
- 3) осы шешім ресми жарияланғанынан кейін Қостанай облысы Арқалық қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруын қамтамасыз етсін.
4. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
5. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Жалғызтал
ауылы әкімінің міндетін атқарушы

А. Тулеубаева

КЕЛІСІЛДІ

"Арқалық қаласы әкімдігінің
ветеринария бөлімі" мемлекеттік
мекемесінің басшысы

_____ Қ. Бейсенов

КЕЛІСІЛДІ

"Қазақстан Республикасы Ауыл
шаруашылығы министрлігі
ветеринарлық бақылау және
қадағалау комитетінің Арқалық
қалалық аумақтық инспекциясы"
мемлекеттік мекемесінің басшысы

_____ Е. Канапин

КЕЛІСІЛДІ

"Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрлігі
Қоғамдық денсаулық сақтау
комитетінің Қостанай облысы
қоғамдық денсаулық сақтау
департаментінің Арқалық қалалық
қоғамдық денсаулық сақтау
басқармасы" мемлекеттік
мекемесінің басшысы

_____ Б. Корғанбекова

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК